

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 9 (920) 3 наурыз 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

8 НАУРЫЗ – МЕЙІРІМ МЕН СҰЛУЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында орталық және жергілікті атқарушы органдардың алдағы су тасқыны кезеңіне дайындығы мәселелері қаралды.

Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин оңтүстік аймақтарда белсенді қар еру басталуына санаулы күн қалғанын айтты. Сол себепті қазір барлық күш-жігер алдын алу шаралары мен су тасқынына дайындыққа бағытталған.

Жалпы осы жылдың екі айында 15 шақырым уақытша бөген салынды, 24 шақырымға жуығы жөнделді, 16 шақырымнан астам жаңа бөген, сондай-ақ елді мекендердің айналасында 41 шақырым білік тұрғызылды. Одан бөлек 5 мың шақырымға жуық каналдар мен арықтар, автомобиль жолдары және теміржолдар астында 8,5 мыңнан астам су өткізу құрылысы тазартылды.

Су тасқыны жағдайының қолайсыз дамуы кезінде су басу аймағында 255 елді мекен болуы мүмкін. Оған қоса су тасқыны төтенше жағдайларының ықтимал жағымсыз салдарының алдын алу және оларды азайту мақсатында Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің облыстық кіші жүйелерінің бөлімшелері жоғары дайындық режиміне ауыстырылды.

Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова көктемге арналған жаңартылған деректер туралы, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев жолдарды, көпірлерді және су өткізу құрылыстарын судың көтерілуіне дайындау туралы хабардар етті.

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды, Жамбыл облысының әкімі Нұржан Нұржігітов және Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев өңірлердегі қазіргі ахуал мен су тасқыны кезеңіне дайындық туралы баяндады.

Баяндамашылардың сөзін тыңдай отырып, Премьер-Министр болжамдарға сүйенсек, биыл қардың көп болуына және жер бетінің қатып қалуына байланысты су тасу қаупі жоғары екенін айтты.

«Бүгінгі таңда елді мекендерден 11 млн текше метрден астам қар шығарылды, алайда бұл жұмыс барлық өңірде тиісті деңгейде жүргізіліп отырған жоқ. Өңір әкімдері қар шығару жұмыстарын күшейтулері қажет», — деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, биыл еліміздің оңтүстік өңірлерінде күрделі жағдай қалыптасуына су бұру арналарының, арықтардың, қорғаныш жер үйінділерінің болмауы себеп болған.

«Арықтарды, нөсер кәріздерін тазартып, уақытша жер үйінділері мен бөгеттер салу қажет. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен өңір әкімдері жолдарды, көпірлерді, су өткізу құрылыстарын бекіту жұмыстарын жалғастырсын», — деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы «Қазгидрометтің» болжамында айтылғандай, наурыз айында еліміздің оңтүстік және шығыс өңірлерінде ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшері нормадан жоғары болады деп күтілуде, бұған дайын болу керектігін айтты.

Премьер-Министр «Көктем-2023» республикалық оқу-жаттығу шаралары шеңберінде тасқын қаупі туындаған жағдайда нақты іс-қимыл алгоритмін пысықтауды, жарылғыш заттар мен инертті материалдардың қажетті қорын дайындап, хабарландыру жүйелерінің дайындығын тексеруді тапсырды.

«Қосымша күштер мен құралдар орналасатын жерлерді, эвакуацияланатын халықты қабылдау пункттерін және ауыл шаруашылығы жануарларын көшіру үшін қауіпсіз учаскелерді анықтау қажет», — деді Премьер-Министр.

Одан бөлек, Премьер-Министрдің айтуынша, коммуналдық, жеке меншік және иесі жоқ гидротехникалық құрылыстарды жөндеу жөніндегі шаралар әзірлеп, су қоймаларын толтыру көлемін қайта қарау керек және қажет болса, оларды алдын ала қауіпсіз босату жөнінде шаралар қабылдану керек.

«Қазіргі таңда бұл мәселе бойынша республикалық деңгейде Премьер-Министрдің бірінші орынбасары жетекшілік ететін үкіметтік комиссия жұмыс істеп жатыр. Комиссия жағдайды бақылауда ұстап, су тасу жағдайларында жедел әрекет етуге дайын болуы тиіс», — деп түйіндеді Әлихан Смайылов.

primeminister.kz



мерекесімен құттықтаймыз!

ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР! ҚЫМБАТТЫ ӘЙЕЛДЕР!

Сіздерді көктемнің тамаша мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күннің елімізде атап өтілетін мерекелердің арасындағы орны ерекше. Осы күні бәріміз аналарымызға, отбасылық ошақтың жылулығын сақтаушы өмірлік қосағымызға орасан зор ризашылығымыз бен алғысымызды арнауға асығамыз.

Ана-әйел – ол отбасының алтын өзегі, табыс пен гүлденудің кепілі, бақыттың қайнар көзі. Бұл өмірдегі барлық жақсылықтар мен игіліктер аналарға тікелей байланысты. Сондықтан бұл мейрамның мән-мағынасы біздер үшін ерекше қымбат, жүрегімізге тым жақын.

Біз солтүстікқазақстандық әйелдердің тамаша жетістіктеріне қуанып, бизнес пен саясат, білім беру мен денсаулық сақтау, ғылым және өнер сияқты қызметтің барлық салаларында табысқа жеткенін мақтан тұтамыз.

Сіздердің күн сайынғы еселі еңбектеріңіз, белсенді өмірлік ұстанымдарыңыз бен іске жауапкершілікпен қарауларыңыз Солтүстік Қазақстан облысының қол жеткізген жетістіктерінің маңызды бөлігі болып табылады.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев біздің өңірдің алдына қойған міндеттерді орындауға деген қолдауларыңыз, өңіріміздің дамуына қосып отырған сүбелі үлестеріңіз үшін шын жүрегімнен Сіздерге алғыс айтамын.

Біз өңір әйелдерінің жайлы өмірі, олардың болашақ күнге сеніммен қарауы үшін барлық жағдайды жасауға тырысамыз. Бәріміз бірге алда тұрған биік мақсаттарға қол жеткізетінімізге сенімдімін!

Көктемнің осы тамаша мерекесі Сіздердің әрқайсыңызға қуаныш пен шаттық сыйласын! Үйлеріңіз әрқашан қуанышқа толы болсын! Сіздерге мықты денсаулық, бақыт пен отбасылық игілік тілеймін!

Айдарбек САПАРОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ ЕРЕКШЕ АТАЛЫП ӨТТІ

Аудандық мәдениет Үйінде 1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған іс-шара болып өтті. Салтанатты жиынға қатысқан аудан әкімі бірінші болып сөз алып, барша қала және мерекелік іс-шараға қатынасқан аудан тұрғындарын айтулы мерекемен құттықтап, ауданның дамуы мен көркеюіне үлес қосқан жерлестеріне алғысын жеткізді. «Баршаңызды көктем айының алғашқы күнімен тұспа-тұс келген 1 наурыз - Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын! Алғыс айту күні – бұл қиын кезеңдерді басынан өткерген еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне деген құрмет күні. Осынау мерекенің тарихи, саяси тәрбиелік мәні тереңде жатқанын айтып, барша өңір тұрғындарына ақ тілегін жолдады. Әуелі экраннан ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихы дәріптеліп өткен ғасырда қазақ

жеріне күштеп қоныс аударылған миллиондаған этностарды өз бауырына басып, бір үзім нанын тең бөліскен қазақ халқының дархандығын, Алғыс айту күнінің мән-маңызын бейнелейтін «Қазақ еліне мың алғыс!» бейнеролигі көпшілік назарына ұсынылды.

Сонымен бірге алғыс айту күнінде түрлі этно-мәдени орталықтың өкілдері іс-шараға арнайы көрме ұйымдастырды және өз ұлтының әні мен билерін көпшілікке ұсынды. Жұрттың ерекше ықыласына бөленген шешен-ингуш этно-мәдени орталығы аты Жиынға қатынасқан меймандар мен қаламыздың тұрғындарына құрт тарату рәсімі ұйымдастырылды. Арнайы қорапшаға салынған құрт шынайы ықылас пен алғыстың, адамгершілік сезімнің бір белгісі деп білейік.

(Жалғасы 2-бетте).

АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ ЕРЕКШЕ АТАЛЫП ӨТТІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте).



- Бұл мейрамның астары тереңде жатыр. Қиын кезеңдерде ата-бабаларымыз бас біріктіріп, бірліктің арқасында жеңіске жетіп отырған. Біз қазақ халқының шарапатын көрген адамдармыз. Сондықтан алғыстан өзге айтарымыз жоқ, - дейді өзге ұлт өкілдері. Бұл – шынымен де тағдыр

тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қонысаударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымының белгісі. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда елімізге жер ауып келген этнос өкілдерін бауырына басты,

олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, көмек көрсетті.

Жиын барысында сөз алғандар Алғыс айту күні ғана емес, күнделікті өмірімізде де бір-бірімізге қайырымдылық жасап, қамқорлық таныту қажеттігін айтты.



ЖАҚСЫЛЫҚ – ЖАН ШУАҒЫ



Осыдан 79 жыл бұрын, 1944 жылы 23 ақпанда Шешен-Ингуш АКСР-ден және оған іргелес жатқан басқа да халықтардан жарты миллионға жуық шешен мен ингуш вайнахтарын Қазақстан мен Қырғызстанға күштеп көшіру басталды. Жасырын дайындалған және кодтық атауы «Жасымық» операциясы Кеңес Одағы тарихындағы этникалық бағыттағы ең ірі депортациялардың бірі болды. Содан бері қаралы дата тоталитарлық режимнің зардабын тартқан бұл тұлғалардың ұрпақтарының жүрегінде мәңгілікке сақталған. Жыл сайын Солтүстік Кавказ халықтарының қасіретін еске алу мақсатында Тайынша қаласының аудандық мешітінде «Вайнах» шешен-ингуш қоғамдық бірлестігі қайырымдылық шарасын өткізіп, сол кезде жазықсыз қаза тапқандардың туған-туыстары мен жерлестеріне дұға бағыштайды.

23 ақпан күні Тайынша қаласының аудандық мешітіне шешен-ингуш диаспорасының өкілдері жиналып, іс-шараға сондай-ақ Тайынша ауданы әкімінің орынбасары Г.Бәтенова, Тайынша қаласының әкімі В.Шпаковский, ішкі саясат бөлімі бастығының міндетін атқарушы А.Жұмбаев және Тайынша қаласы мен Келлеровка ауылының дін өкілдері қатысты. Алғашқылардың қатарында «Вайнах» қоғамдық бірлестігінің басшысы И.Боков сөз сөйлеп,

қиын-қыстау кезеңде қол ұшын созған қазақ халқына алғысын білдірді.

Бұдан кейін қала басшысы В.Шпаковский мен «Беркат» ЖШС директоры Ш.Селмурзаев сөз сөйледі.

-Мен Тайынша ауданында туып-өстім, осында менің ата-анам дүниеге келді. Бірақ менің аталарым поляк халқының өкілдері ретінде 1936 жылы Украинадан жер аударылғандықтан, шешен-ингуш халқының қасіреті маған жақын. Туған ауылымда да атамекенінен қуылған шешен, ингуштар жерленген зират бар. Бәріміз бірге қиындықты бастан өткердік, бізді қабылдап, аман алып қалған қазақ жеріне алғыс айтамыз. Енді мұндай оқиғалар қайталанбаса екен деймін. Алланың үйі адамдарды біріктіріп, тек нұр мен жақсылық әкеледі. Баршаңызға зор денсаулық тілеймін, - деді Валерий Анатольевич.

- Біз бүгін 1944 жылы Қазақстанға жер аударылған, олардың жартысы жолда немесе осы жерде қаза тапқан ата-бабаларымызды еске алу және олардың рухына тағзым ету үшін жиналды. Біз оларды жақсы көретінімізді және есте сақтайтынымызды айту үшін дұға оқуға жиналды. Рахмет! Бізге, туған-туыстарымызға пана болған қазақ еліне, қазақ жеріне мың алғыс. Солардың арқасында ата-анамызбен аман қалдық, бүгінде бәріміз осында бірге тұрып, еңбек атқарып жатырмыз. Шешендер мен

ингуштарды ғана емес, сонымен қатар бірқатар кеңестік басшылардың кінәсінен ашаршылық жылдарында қаза тапқан поляктарды, немістерді, қазақтарды да мәңгілік есте сақтаймыз, деді Шадид Шахидұлы.

Одан кейін мешіттің Бас имамы дұға оқып, көп ұзамай Тайынша ауданындағы аз қамтылған және тұрмысы төмен отбасыларға ұн, бал және басқа да көптеген өнімдері бар 60 азық-түлік пакеті табыс етілді. - Қазақтар айран, көже берді. Бәрі бізді күтті. Олар болмаса, біз болмаушы едік. Біз сіздерді қатты жақсы көреміз. Қазақстан аман болсын! Ақпанның аязы күндерінде бірнеше ай жол жүріп, әбден титықтаған шешендер мен ингуштарды қазақтар жылы шыраймен қарсы алған,- деп кез келген шешен-ингуш халқының өкілі айтқанын тарихтан білеміз. Тіпті, депортациямен қоныс аударғандарға қайтыс болған адамдарын жерлеуге тыйым салынған кездер болыпты. Сол кезде өлген адамның жаназасын қазақтар шығарып, ас беріпті. Сіздердің бауырмал халық екендеріңізді осы оқиға айғақтай түседі. «Жақсылыққа жақсылықпен жауап береміз», деген Тайынша ауданының шешен-ингуш ұлтының бір топ өкілдері осы азалы күнді жылда ерекше атап өтеді. Дәстүрлі түрде биыл да аудандық мешітке жазықсыз құрбан болған жандарға арналып Құран оқылды.

АНА ТІЛІМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

1999 жылы қарашада ЮНЕСКО-ның басты конференциясының 30-сессиясы өтті. Конференцияда 21 ақпан халықаралық ана тілі күні болып таңдалып, бекітіліп, 2000 жылдан бастап әр жылдың ақпан айында тілдік және мәдени әр алуандықты қорғау мақсатында түрлі іс-шаралар өткізіледі.

Осыған орай, Чкалов ауылындағы «Айгөлек» балабақшасының ересек тобында балаларға ана тілі туралы түсінік беріп, өзінің ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Ана тілім – асыл қазынам» атты іс-шара өткізілді.

Бір шаңырақ астында,
Тату-тәтті тұрамыз.
Бірге ішеміз асты да,
Бірге сайран құрамыз, деп шаттық шеңберімен тәрбие сағатын бастаған балалар жыл мезгілдері, ауа райына қатысты сұрақтарға жауап беріп, қыс айларын қазақ және орыс тілдерінде атады.

Балалар Қазақстан картасымен танысып, елімізде тұрып жатқан ұлттар туралы ақпарат алып, әр ұлттың киімдерін тамашалап, ұлттық ойындар ойнады. Сонымен қатар қазақ және орыс тілдерінде мақал-мәтелдер айтып, балалардың алғашқы сөзі «Ана» сөзін өзге тілдерде қалай айтылатынын білді. Іс-шара қазақтың «Қара жорға» биімен аяқталды.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» - дегендей бесігімізді түзеп, өз ана тіліміздің, әсіресе мемлекеттік тіліміз - қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, оның беделін арттыру әрбір азаматтың өз қолында. Сондықтан Отанымызды, туған жерімізді, елімізді, тілімізді құрметтеуге балаларды ерте жастан тәрбиелейік.

Жанаргүл ҚОЖАБЕКОВА,
«Айгөлек» балабақшасының қазақ тілі мұғалімі.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҚҰНДЫ МҰРАСЫ

XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу – мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болуы, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан көнеден келе жатқан халқымыздың ұлттық ойындарына үлкен көңіл бөлген дұрыс.

Осы орайда ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ұйымдастыруымен Ұлы Наурыз мерекесі қарсаңында мектепке дейінгі мекемелер арасында «Шымырлық пен шеберлік күні» байқауының аудандық кезеңі басталып кетті.

Қазақ халқының мәдени мұрасымен, салт-дәстүрлерімен және ұлттық ойындарымен таныстыру және мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын, белсенділігін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылып отырған сайыс ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойындарын жаңғырта түсері сөзсіз.

Осы байқау аясында Чкалов ауылындағы «Айгөлек» балабақшасының ұстаздары мен тәрбиешілері ересек және ортаңғы топтың балаларымен ұлттық нақышта безендірілген бөлмеде ұлттық ойындар апталығын өткізді.

Ортаңғы топтың балалары бәйге, теңге алу, арқан тарту ойындарын қызығушылықпен ойнаса,

ересек топтың балаларына әсіресе Хантаалапай ойыны ұнады. Қазақ халқы асық ойнату арқылы балаларды дәлдікке, мергендікке, ептілікке, жеңіске деген құштарлыққа, намысқойлыққа, әділдікке баулуды көздеген. Одан басқа, балалар қазақтың Көкпар, Соқыртеке, Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарту, Қазақ күресі, Білектесу, Жасырынбақ, Ақ сүйек, Орамал тастау, және Хан талапай сияқты ұлттық ойындары бар екенін білді.

«Талапай - ау, талапай, табылды ойын алақай»- деп қоржыннан төгілген асықтарды балалар жарыса «хантаалапай» деп дауыстап таласып, бөліп алды. Ойын шарты бойынша жинаған асықтарын санап, әр бала 5 асықтан тігіп ойынға қатысады. Хан асығы қолына түскен бала алғашқы болып ойынды бастайды. Асықтарды атады да, тигізген асықтарын ұтып алады. Тигізе алмай қалған жағдайда, мұғалім қойған тапсырмаға жауап береді. Осылайша ойын жалғасады. Ойын соңында сұрақтарға дұрыс жауап беріп, асықты көп жинаған бала жеңімпаз атанады.

Балабақшада қазақтың ұлттық ойындарын бүлдіршіндерге ойнату мен үйрету балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қоюға, спорттық шеберліктері мен мүмкіндіктерін арттыруға септігін тигізеді. Сол себепті денсаулықты нығайтуды көздейтін ұлттық ойындарды балабақшада сергіту жаттығулары ретінде кеңінен қолданған абзал.

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС, ҮЙРЕТУДЕН БАЛАҒА...

Ұстаз жалпы өзінің еңбегімен жаңа адамды қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп жаңа өмірге дайындайды. Аудан көлеміндегі ұлағатты ұстаздардың бірі - Найла Өтегенқызы заман талабына сай, қоғамға лайықты білімді де білікті ұстаз десек қателеспейміз! Шәкірттерін біліммен ғана жетілдіріп қоймай, үйренгенін, білгенін жадында сақтауға, қабілетін, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырып, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуді өзінің өмірлік мақсаты деп санайды.

Ұстаз қажырлы еңбегімен қазақ тілін оқытудың тиімді жолдарын қарастырып, бірнеше оқушыларын аудандық, республикалық олимпиадаларға дайындады. Мол еңбегінің нәтижесі - 3 оқушы «Ұлы даланың ұлы тұлғасы - Абай!» республикалық қашықтық олимпиада барысында I дәрежелі диплом, Республикалық «Ыбырай Алтынсарин оқулары» барысында бір оқушы I дәрежелі диплом алған. «Тіл - мемлекет тәуелсіздігінің символы» атты республикалық олимпиада кезінде де I дәрежелі дипломға бір оқушы ие болған. Жалпы өткен жылы 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде жақсы көрсеткіштерге жеткен оқушылардың жетістіктері, әрине, ұстаздың еңбегі. Бұл жерде айта кету керек, 2000 жылдан бері Найла Өтегенқызы бірнеше аудандық және Республикалық ғылыми-практикалық семинарларда еңбек тәжірибесімен бөлісіп, бірнеше сертификат, дипломдармен марапатталған. Жалпы 33 жыл еңбек өтілі бар ұстаз жұмыспен қатар, отбасының да ұйытқысы болып отыр. Ол отбасындағы аналық міндетке де үлкен жауапкершілікпен қарайтын аяулы ана, ақылшы әже.

Ұлағатты ұстаз, 8 Наурыз көктем мерекесі құтты болсын!



**«ҰСТАЗ БОЛЫП
САБАҚ БЕРУ - ҮЙРЕНШІКТІ
ЖАЙ ҒАНА ШЕБЕРЛІК ЕМЕС,
ОЛ ҮНЕМІ ЖАҢАДАН
ЖАҢАНЫ ТАБАТЫН
ӨНЕР»...**

Жүсіпбек Аймауытов.

Ой - өрісі кең тұлғаны қалыптастыруда жаратылыстану пәндерінің орны ерекше. Қазіргі кезде математика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор.

Бүгінгі күнде математика пәні сапалы оқыту ізденістері - пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Математиканы оқытудың мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологияларды тиімді пайдалану қажет. Қазіргі заманғы жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үдерісіне оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту - бүгінгі заман талабы. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы - өмір айдынындағы өз жолын аңғарып табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Міне, осыншама теңеулер мен пікірлер кез келген ұстазға лайықты баға болса керек.

Сондай ұстаздарымыздың бірі - еңбек өтілі 20 жылдан асқан біздің бүгінгі кейіпкеріміз - Назгүл Қабдулбариева. Пән мұғалімі ретінде шәкірттерінің сүйікті ұстазы. Ұстаздық шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өткізуі - бұл заман талабына сай. 2015 жылдан бері И.М.Бережной атындағы Келлер орта мектебінде қызмет атқарып келе жатқан ол, өзіне тапсырылған қандай жұмыс болса да тиянақты орындап, өзінің тиянақтылығы мен кәсіби шеберлігін байқатып жүр. Өткен оқу жылынан бастап пән мұғалімі ретінде математиканың қыры мен сырларына шәкірттерін баулып, үйретуден жалықпайды. Математика сабағында оқушылар өз бетінше білу дағдыларын дамыту баға жетпес құндылықтарының бірі. Математика сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әр түрлі стратегияларын қолдана отырып, өз бетінше жұмыс істеу факторы - есептерді шығара білу екенін ұстаз жақсы түсінеді.

Құрметті ұстаз, 8 Наурыз мерекесі құтты болсын!



ӘКЕДЕН БАЛАҒА МИРАС БОЛҒАН МАМАНДЫҚ

Тайынша аудандық полиция басқармасында ақпараттандыру және байланыс тобының аға инспекторы болып қызмет атқаратын Жадыра Біржанқызы Сағынбектің, нәзік жанды полицейдің отбасы 8 наурыз мерекесін жыл сайын ерекше атап өтеді. Жалпы полиция майоры Жадыра Біржанқызы өзінің әріптесі Қуанышбек Қайратұлымен бас қосып, шаңырақ көтерді. Міне, сол жылдан бастап олар баршаға мерейлі отбасының үлгісін көрсетіп келеді. Жадыраның өмірлік серігі Қуанышбек Темірбеков - Тайынша ауданының полиция бөлімі КПБ аға жедел уәкілі, полиция майоры. Қос қызметкер бүгінде қызметтерінде тәртіп сақшылары, ал жеке өмірлерінде бақытты отбасы атанып отыр. Отбасында қос балапан Латиф пен Ясин де күн санап өсіп келеді.

Мереке қарсаңында нәзік жанды тәртіп сақшысымен жолығып әңгімелескен едік. Әрбір адам үшін ата-анасы барлық қызметке лайық, ең ардақты жандар саналмақ. Жадыра да әкесі мен анасы туралы бастап айтқанда жас жүрегі елжіреп, өзінің де бүгінгі таңда екі баланың анасы екенін бір сәт ұмытқандай болды. Мен өмірде әкеме ұқсағым келді, деп ерекше тебіреніспен әке жайлы әңгіме басталып кетті. - Менің әкем талапшыл, тәртіпті сүйетін жан. Отбасында да, қызметте де әр істің өз орнымен, дәл уақытында орындалғанын қалайды. Сонымен қатар, көпшілі, ашық-жарқын адам. Білгенін өзгеге үйретуге, біреуге көмектесуге даяр тұратын дара мінезі тағы бар. Біз үйдегі 3 бала әкеміздің тау тұлғасын, болмыс-бітімін, асқақ абыройын өзімізге үлгі тұтып, әкеміз сияқты алға қойған мақсатымызға жетуге талпынып өстік... Әлі есімде әкеміз жұмыстан оралғанда оның сымдай тартылған қызметтік формасына, жұлдызды пагонына, фуражасына таңдана, сүйсіне қарайтынбыз. Ол біз үшін кешегінің аңызына айналған батырына ұқсап

тұратын. Әкем бізді жұмыстан бос кезде: - Кәне, балақандарым, бері келіңдер, деп қасына шақырып алып, тізесіне отырғызып, айтыңдаршы, өскенде кім боласыз? - деп сұрайтын. Біз інім екеуіміз жарыса «Полиция» дейтінбіз. Иә, өскенде әкеміздей боламыз, деген арман орындалып, інім Беделжан екеуіміз әке жолымен осы құқық саласындамыз, деп Жадыра Біржанқызы балалық шағын тебірене еске алды.

Жадыра отбасында қайын енені сыйлап, әрқашан құрметтей білген инабатты келін. Ол екінші анасының алғысын алған келін. - Жан-жарымның анасы менің де анам, сол үшін ол кісіге жасаған жақсылығымызды балаларымыз көріп, ертеңгі күні оларда отбасынан алған тәлім-тәрбиені бойларына сіңіріп өседі. Сондықтан бірінші кезекте жолдасым екеуіміз балаларымызға үлгі болуымыз керек деп есептеймін, - дейді ол. Ал, Жадыраның қайын енесі, Қуанышбектің анасы Райхан Базарбайқызы ұлағатты ұстаз, немерелерінің ақылшы әжесі. - Құдайға шүкір, мен осындай келінімнің барына өте қуаныштымын. Жадырам үнемі жадырап жүреді, маған ешқашан қарсы сөйлеген емес. Өте шыдамды, ибалы, салт-дәстүрді әркез ұстанып, менімен кеңесіп отырады. Жұмысым, бала-шағам деп қабақ шытқан емес. Жұмысына да, үйдегі тірлігіне де үлгереді, - дейді.

Пай-пай, қазақтың келіндері-ай деп өлең жолдарында тегін айтылмаса керек... Біздің бүгінгі кейіпкеріміз - отбасында аяулы ана, инабатты келін, ал қызмет бабында асқан жауапкершілікті қажет ететін тәртіп сақшысы, өз ісінің маманы. Біз де айрандай ұйып, татулықты ту еткен отбасына ырыс пен ынтымақ тіледік. Еліміздің әрбір отбасында әрқашан бақыт, бақ-дәулет болсын. Жадыра Біржанқызы, 8 Наурыз Көктем мерекесі құтты болсын!

АНА ТУРАЛЫ ОЙ - ТОЛҒАУ...

Біз анамыздың бір бөлшегіміз ғой. Сондықтан да ол біздің қуанғанымызды, ренжігенімізді сезіп отырады. «Анаңды меккеге үш рет арқалап апарсаң да, қарызыңды өтей алмайсың», үлкенді сыйлау бәрімізге міндет, ал анаңды сыйлау ол өмірлік парызың.

Мен анам жайлы айтсам, ол кісі өте мейірімді, ақкөңіл жан. Анам менің жаратушыым, қашан ер жетіп өзімнен өзің болып кеткенше жанымды сақтаушыым. Мейлі, бір затты қате жасап, бүлдірсең де саған ұрысқаныммен, сені жаман болсын демейді. Дұрыс жолға түссін, қатесін түзесін дейді. Қанша анаңды ренжітсең де, баласын кім жек көрсін, бәр қылығыңды кешіреді - ау! Сен үшін жанын шүберекке түйеді. Сенің болашағыңнан үлкен үміт күтеді.

Анашым менің! Сәби кезімнен өз қолыңызбен төсегіме жатқызыдыңыз, қараңғыдан қорқып жылаған кезімде қасымнан табылдыңыз. Мен үшін бәріне даярсыз анашым. Жығылсам тұрғызып, жыласам жұбатып, сабағымды оқуға көмектесіп, әр жылда туған күнімді атап өтіп, көңілімді табасыз. Сізге деген алғысым шексіз ғой менің. Сізді ренжітпеуге, сабағымды жақсы оқып, айтқаныңызды екі етпей орындап, көңіліңізге қауа түсірмеуге тырысамын.

«Ана» деген сөз үш әріптен құралса да, мағынасы түпсіз тереңде жатыр. Дүниеде «ана» деген сөзге ештеңе жетпейді ғой. Әлемнің қаншама сөзі үш әріпті «ана» деген сөздің орнын басып, алмастыра алмайды. «Ана» деген сөз құлаққа да, жаныңа да жағымды сөз ғой бұл. Бір керемет сиқырлы сөз деп те айтар едім. Рахмет, Анашым! Маған осы өмірді сыйлағаныңыз үшін, көп рахмет!



• Мұны білген жөн!

ҚАЗАҚТЫҢ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРЫ

Адамның жасына байланысты атаулар

- 1 жасқа дейін – шақалақ, нәресте
- 1 жастан 2 жасқа дейін қыз бала – бөпе, ұл бала – бөбек
- 2 жастан 3 жасқа дейін – бүлдіршін
- 3 жастан 5 жасқа дейін – балдырған
- 6 жастан 7 жасқа дейін – сәби
- 8 жастан 12 жасқа дейін – ойын баласы
- 13 жастан 15 жасқа дейін – ересек бала
- 16 жастан 19 жасқа дейін – бозбала
- 20 мен 30 жас аралығы – жас жігіт
- 30 бен 40 жас аралығы – дүр жігіт
- 40 пен 50 жас аралығы – ер түлегі
- 50 мен 60 жас аралығы – жігіт ағасы
- 70 пен 80 жас аралығы – ақсақал
- 80 жастан жоғары – шал, қарт, қария

Мүшел жас

- 1-мүшел – 13 жас (ер жете бастау)
- 2-мүшел – 25 жас (жігіттік жас)
- 3-мүшел – 37 жас (ақыл тоқтау)
- 4-мүшел – 49 жас (орта жас)
- 5-мүшел – 61 жас (орта жас)
- 6-мүшел – 73 жас (қарттық)
- 7-мүшел – 85 жас (кәрілік)
- 8-мүшел – 97 жас (қалжырау)
- 9-мүшел – 109 жас (шөпшек сүю)
- 10-мүшел – 121 жас (немене сүю)

Ер адамның өз жұртының атаулары

- Ата – әкенің әкесі, бергі ата
- Арғы ата – атаның әкесі
- Әже – әкенің шешесі, үлкен әже
- Әке – өзінің туған әкесі
- Апа – өзінің туған шешесі (анасы)
- Әпке – өзінен жасы үлкен қыз (әйел)
- Қарындас – өзінен жолы кіші қыз (әйел)
- Аға – өзінен үлкен ұл бала
- Іні – өзінен кейінгі ұл бала
- Ағайын – бауырлас, аталас адамдар
- Баба – арғы ата, үлкен ата
- Жеңге – ағаның әйелі
- Келін – інінің әйелі
- Жиен – күйеуге шыққан әпкеден не қарындастан туған бала

Жиеншар – жиеннен туған бала

- Жезде – әкесінің күйеуі
- Күйеу – қарындасының күйеуі
- Немере – ата-ананың ұлынан туған баласы
- Шөбере – немереден туған бала
- Шөпшек – шөбереден туған бала
- Немене – шөпшектен туған бала
- Туажат – неменеден туған бала
- Жүрежат – туажаттан туған бала
- Жегжат – жүрежаттан туған бала

Ер адамның нағашы жұртының атаулары

- Нағашы ата – шешенің әкесі
- Нағашы әже – шешенің шешесі
- Нағашы аға – шешенің аға-інілері
- Нағашы апа – шешенің апа-сіңлілері
- Нағашы іні – шешенің бауырларынан туған жасы

кіші бала

Нағашы қарындас – шешенің бауырларынан туған жасы кіші қыз

- Нағашы жеңге – шешенің апа-сіңлілері күйеуі
- Бөле – шешенің апасы не сіңлісінің ұл-қыздары

Ер адамның қайын жұртының атаулары

- Қайын ата – әйелінің әкесі
- Қайын ене – әйелінің шешесі
- Қайын аға – әйелінің ағасы
- Қайын бике – әйелінің әпкесі
- Қайын іні – әйелінің інісі
- Балдыз – әйелінің сіңлісі
- Бажа – әйелінің әпкесінің не сіңлісінің күйеуі

Әйел адамның қайын жұртының атаулары

- Қайын ата – күйеуінің атасы
- Қайын ене – күйеуінің шешесі
- Қайын аға – күйеуінің ағасы (жақын ағалары)
- Қайын бике – күйеуінің әпкесі (жақын әпкелері)
- Қайын іні – күйеуінің інісі (жақын інілері)
- Қайын сіңлі – күйеуінің қарындасы (жақын қарындастары)
- Абысын – қайын ағасының әйелі
- Ажын – қайын інісінің әйелі
- Жезде – қайын бикесінің күйеуі
- Күйеу – күйеуінің қарындасының жұбайы

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ



8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында Тайынша аудандық Қазынашылық басқармасы ұжымының нәзік жандарын құттықтағым келеді. Отбасыларына амандық, бақыт, еңбектеріне жеміс тілеймін!

Бұл ең тұрақты, ынтымағы жарасқан, тату-тәтті ұжым 32 жылдан бері әлі осы құрамда еңбек етіп отыр.

Осындай керемет еңбек ұжымының басы 1991 жылдан басталады, ауданымызда «Ұлттық банктің есеп-кассалық орталығы» ашылды. 1998 жылы Қазынашылық осы құраммен бүгінгі күнге дейін бір таңдаған қаржыгер мамандығы мен осы ұжыммен заман ағымымен бір бағытта келе жатыр. Осы жылдар ішінде қызметкерлер отбасын құрып, балалы-шағалы болды.

Ұжыммен бірге талай өзгерістерді бастан кешірдік. Сондай маңызды сәттердің бірі – рубльдің теңгеге ауысуы, 1993 жылдың 15 қарашасында айналымға ұлттық валютамыз – теңге келді.

Қазіргі кезде ұжымды Еркін Исин мырза басқарады, заманауи, сауатты және өте кең пейілді адам. Ұжымның кәсіби тәжірибесінің арқасында қызмет көрсету

саласында және ауданның бюджетін орындауда үлкен жетістіктерге жетіп отыр.

Басшылық тарапынан бірнеше мәрте марапаттарға да ие болдық. Өткен жылы облыс бойынша екінші орынды иелендік.

Күнделікті жұмыспен қатар, ұжым басшылығы зейнеткерлік демалыстағы әріптестерін де естен шығарған емес, Лопатина Л.В., Айтбаева Б.О. Біз әлі күнге дейін өзімізді осы ұжымға керек екендігімізді сезінеміз, үлкен рахмет айтамыз, бұл біздің екінші отбасымыздай.

Мен 2014 жылдан бері зейнеткерлікке шықтым, баланы өсіріп, немере бағып отырған ата-әже болдық. Банк жүйесінде мен 1983 жылы, Мемлекеттік банк кезінде бастағанмын, содан ауданымызда Ұлттық банктің есеп-кассалық орталығы ашылғанда мені касса меңгерушісі болуға шақырған. Содан бері бұл шаңырақ менің екінші отбасыма айналды. Ұжымның нәзік жандарын, әріптес қыз-келіншектерді 8 наурыз әйелдер мерекесімен тағы да шын жүректен құттықтаймын!

Зейнилгараф БИЖАНОВА,
Тайынша қаласы, зейнеткер.

МЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ СТАНЦИЯ – АТМОСФЕРАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІ ҮЗДІКСІЗ БАҚЫЛАП ОТЫРАДЫ



Метеорологиялық станция – тұрақты метеорологиялық бақылауға арналған мекеме. Метеорологиялық станция кешенінде атмосфераның және жер үстінің жағдайын бақылауға арналған метеорологиялық алаң және бақылау нәтижелерін алатын, өңдейтін және беретін приборлармен жабдықталған орындар бар. Метеорологиялық станция – атмосфералық өзгерістерді бақылап отыратын мекеме. Негізгі міндеті метеорологиялық құбылыстардың белгілі бір мерзім ішінде өзгеруін анықтау. Алғашқы Метеорологиялық стансалар 18 ғасырда пайда болып, жеке ғалымдар, ғылыми қоғамдар ауа райына бақылау жүргізе бастады. Міне, осындай ерекше жұмыс орны Тайынша қаласында да бар. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының «Тайынша» метеорологиялық станциясын осы саланың маманы Құнанбаева Әмина Қалымбекқызы басқарады. Мекемеде Азаматтық қорғаныс іс-шаралары қатаң сақталады. Метеорологиялық Станция құрамына метеорологиялық алаң бар. Мұнда термометрлік және гигрометрлік психрометрлік үйшік, жел жылдамдығын өлшейтін аспаптар, жаңбыр өлшеуіш, топырақ термометрі орнатылған. Сонымен қатар, барометр, даладағы аспаптардың көрсетулерін тіркейтін қондырғылар бар. Күнделікті ауа-райын бақылаумен қатар, жыл көлемінде жұмыс қабылданған стандартты бағдарлама бойынша 3 немесе 6 сағат сайын, кейде сағат сайын жүргізіліп отырады. Осыдан алынған мәліметтер шартты белгілерге

түсіріліп, ауа райын зерттейтін орталыққа, авиациялық метеостансаға, жіберіледі. Көптеген Метеорологиялық Станциялар бұған қоса агрометеорологиялық бақылау, күн радиациясының қарқындылығы мен радиациялық балансты, топырақтан ауаға булану мөлшерін анықтау жұмыстарын жүргізеді. Метеорологиялық Станция ауа райына жүргізген бақылаулары ауыл шаруашылық салаларын ауа райының қолайсыз жағдайларынан алдын ала сақтандырады. Ауа температурасын өлшеу, ауа ылғалдылығы мен қысымы, желдің бағыты мен жылдамдығы, атмосфераның жағдайын: бұлттылығы, жауын-шашын, күн радиациясы сияқты атмосфералық құбылыстардың басталуы мен аяқталуын анықтайды. Әмина Қалымбекқызы жұмыста басшы, өз ісінің маманы десек, отбасында аяулы ана, сүйікті жар. Жолдасы Марат Орынбайұлы екеуі отбасында 4 бала тәрбиелеп отыр. Отбасының үлкені Балым – бүгінгі таңда жоғары білімді ағылшын тілінің мұғалімі, екінші Назым болса студент, Ертуған мектеп оқушысы, ал кішкентай Ермина болса отбасының кішкентай еркесі, көз қуанышы. Отағасы- Марат Орынбайұлының негізгі мамандығы құрылысшы, жұмысы бар, өз алдына жеке шаруашылығы тағы бар. Біздің негізгі кейіпкеріміз Әмина Қалымбекқызына осынау жауапкершілігі өте зор жұмысына сәттілік, қарапайым қазақтың қызына, отбасындағы аяулы анаға, әулеттің инабатты келініне алдағы өмір жолында сәттілік, Ақ жол! 8 Наурыз Көктем мерекесі құтты болсын!

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНҒА АЙТАР АЛҒЫСЫМЫЗ БАР

Кез - келген адам өз өмір жолында ақ халатты абзал жандармен кездесіп, олардың ыстық ықыласы мен аялы алақандарының жылуын сезінеді. Олардың көмегімен тоқтаған жүрек қайта соғып, үзілген үміттер жалғанады. Жас пен кәріге, жалпы адамзаттың бәріне көмек қолын созып, жанын қоярға жер таптырмай азаптаған ауруынан айықтырып, жанына - дауа, тәніне - шипа болардай ем беріп, сөзінің тәттісімен, көзінің жақсысымен науқастың көңілін көтеріп, өмірге деген құштарлығын арттырып, ертелі-кеш ерінбей, ел үшін еңбек етіп, халықтың алғыс-сауабын арқалайтын ақ желеңді абзал жандар бар.

Алғыс айту күні қарсаңында Тайынша аудандық ауруханасындағы неврология бөлімшесінің ұжымы туралы қалам тербеудің орайы келіп тұр. Жуырда әкеміз Жанбатыр Кожабеков науқастанып, жедел жәрдеммен аудандық ауруханаға жеттік. Бірінші Алланың, екіншіден ақ халатты абзал жандардың арқасында әкеміз аман қалды. Аталған бөлімшеге білікті дәрігер, невролог Екатерина Леонтьевна Рафальская жетекшілік етуде.

Үлкен жүректі, кең пейілді, мейірімді дәрігердің ыстық ықыласының өзі біз үшін мықты қолдау деп емделушілер айтқандай, өздерінің кәсіби шеберлігін танытып, науқастың туғандарына да барынша қолдау көрсеткен неврология бөлімінің басшылығы мен барлық қызметкерлеріне алғысымызды жеткізіп, мерейлеріңіз үстем, дендеріңіз сау болсын, отбасында бақытқа кенеліп, алғысқа бөленіп, абыройларыңыз асқақтай берсін деп тілек білдіреміз.

Алғыс айтушы Қожабековтар отбасы.

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР

4 наурыз күні сағат 09:00 уақытта аудандық ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтеді. Жәрмеңкеде шұжық, май-сүт, ет өнімдері және басқа да тағамдардың түр-түрлері ұсынылады. Өткізілетін орны: Крыжановский көшесі 1 (базар).

Барлықтарыңызды жәрмеңкеге шақырамыз!

«ШҰБАР ДОП» ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Ақпан айының 28 күні Тайынша қаласындағы №4 орта мектебінде Қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен 9-11 сыныпта оқитын қыздар арасында волейболдан жарыс өтті. Сайысқа ауданымыздың 6 мектебі қатысты.

Жарыс нәтижелері бойынша жалпы командалық есепте бас жүлдені Яснополян ОМ иеленсе, екінші орында - Теңдік ОМ, үшінші орында - Ильич ОМ командасы. Жеңіс құтты болсын!

КӨҢІЛ АЙТУ

Ветеринариялық станциясының ұжымы әріптесіміз Летовочный ауылдық округінің ветеринарлық дәрігері

Садуақасов

Жастілек Нұрғалиұлының

мезгілсіз өмірден өтуіне байланысты отбасына, туысқандарына Көңіл айтамыз.

ТЕМЕКІ – АДАМДАРДЫҢ ӨЛІМІНЕ СЕБЕП БОЛА ТҰРА ЗАҢ ЖҮЗІНДЕ ТҰТЫНУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ӨНІМНІҢ БІРІ...

АС ҚОРТУ ЖҮЙЕСІНЕ ЗИЯНЫ

Дәмге деген тәбетті қашырады. Ас қортуды нашарлатады.

Асқазанда жара пайда болады.

Ерін, тіл және өңеште қатерлі ісік (рак) ауыруына жол ашылады.

Тамақ бойға дұрыс сіңбейді. Тыныс алу жүйесіне зияны

Өкпе мен көмекейді қатерлі ісікке ұшыратады.

Осы тектес аурулардың 90 пайызының себебі темекіден екені дәлелденілген.

Мұрын, ауыз, тыныс алу жолдары қабынады.

Тыныс алу жолдары созылмалы ауыруларға ұшырайды.

Жетел және қақырық пайда болады.

ПСОРИОЗ

Темекі шегетін адамның қалыпты қызыметі бұзылып, теріде ұсқынсыз алабажақ дақтар пайда болып, псориаз ауыруына душар болады.

ТӘУЕЛДІЛІК

Темекі құрамындағы никотин ми қызыметінің қалыпты жұмысын бұзып, темекіге тәуелді етіп тастайды.

БЕТТІ ӘЖІМ БАСУЫ

Шылым шегу – қанның терідегі айналымын нашарлатып, адамның жүзіне ерте бастан әжім түсіріп, қартайуына әкеп соқтырады.

СОҚЫРЛЫҚ

Темекі шегу – көздің көруін нашарлатып, түбінде соқырлыққа ұрындырады.

АУЫЗ ҚУЫСЫНДАҒЫ РАК АУРУЫ

Темекі шегетін адамның аузындағы сілекейі түрлі зиянды бактерияларды залалсыздандыра алмайтындықтан ауыз қуысын рак ауруына ұшыратады.

ӨҢЕШ РАҒЫ

Өңеш рагына ұшыраған әр-бір бес адамның төртеуі темекі шегеді.

ЖҮРЕК АУЫРУЫ

Темекі шегу – жүрек, қан-тамырлары ауруының ең негізгі себебшісі.

ӨКПЕ РАҒЫ

Темекі шегетіндердің өкпе рагымен сырқаттану қаупі шекпейтін адамдармен салыстырғанда 20 есе жоғары. Темекі шегетіндердің 90 пайызы еңтікпе және эмфиземе кеселіне ұшыраған. Темекі шегетін адамның аузындағы сілекейі түрлі зиянды бактерияларды залалсыздандыра алмайтындықтан ауыз қуысын рак ауруына ұшыратады.

Темекі шегетіндердің өкпе рагымен сырқаттану қаупі шекпейтін адамдармен салыстырғанда 20 есе жоғары. Темекі шегетіндердің 90 пайызы еңтікпе және эмфиземе кеселіне ұшыраған.

АСҚАЗАН ЖАРАСЫ

Тамырды қатайтады (атеросклероз), қан қысымын көтереді.

Қол-аяқтың қан тамырлары бітеледі, генгрена (тән тканьдерінің жансыздануы, шіруі) пайда болады, содан қол-аяқты кесуге тура келіп, адам кемтар болып қалуы мүмкін.



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ДАМУ ТУРАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Миды қамтитын тамырлар да қатайып, жасушалары өледі (орнына келмейді). Сол себепті есте сақтау қабілеті төмендейді. Осындай кеселдің салдарынан адам жүрек ауруларына, әсіресе жүрек бұлшық еті инфарктіне (жүрек ұстамасы) шалдығады. Осы аурумен өлетіндер саны темекі тартпайтындардан он есе артық. Көңіл-күйге, сана-сезімге, жас мөлшеріне және өзгеде зияндары

АДАМНЫҢ ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІН ТӨМАНДЕТЕДІ

Көңілсіздікке дұшар етеді.Ұйқыны бұзады.Тез қартайады.Теріге көп әжім түседі.Белсіздікке соқтырады.Темекі тартпайтындарды да уландырады.Өрттің шығыуына да себебші.Шегушінің өмірі 10-15 жасқа, айналасындағылардың жасы 5 жылға қысқарады.Бүкіл ғұмыры ауырумен өтеді.

Болашақ ананың темекі тартуы іштегі баланың өлі тууына себеп.

Темекіге тәуелділік нашаға тәуелділіктен де қатерлі.

Медицина ғылымының докторы Л.В. Орловскийдің баяндауынша, темекі шегетіндер стенокардиямен 13 есе, миокард инфарктімен 12 есе және асқазан жарасымен 10 есе көп ауырады. Темекі шегетін әр-бір жетінші адам қан тамырларының (әсіресе аяқтың) қатерлі ауруы – эндартеритпен ауырады. Темекі тарпайтындарға қарағанда жүрек ауруынан 2-3 есе жиі өледі, жиі ауырады. Күніне 10-12 тал шегетіндер өкпе рагімен 15 есе, ал күніне 2 қорап темекі шегетіндер 30 есе жиі сырқаттанады. Шылымқорлардың әйелдері басқаларға қарағанда түберкулезбен 4 есе жиі ауырады. Одан аман қалғандарды темекі тартпайтындардың әйелдерінен 4 жыл аз өмір сүреді. Темекінің адам өміріне төндіретін көптеген зияны күн өткен сайын ғылыми тұрғыдан дәлелденуде. Дәргерлер «баяу өлім» деп атайды. Темекі – денең мен санаңды баяу түрде білдіртпей ұлайтын, түбіне жетпей қоймайтын түрлі дерттердің бастауы.

Құранда: «Өздеріңді өз қолдарыңмен қатерге итермеңдер!» Бақара сүресі 195 аят.

Тағы бір аятта: «Өздеріңді өздерің өлтірмеңдер!» Ниса сүресі 29 аят.

Құрметті оқырман өзіңізді және ұрпағыңызды темекі арқылы өзін-өзі өлтіруден сақтаңыз. Алла жар болсын!

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор - Бас редактор Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 ұй.

Тапсырыс: 63. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.